



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№  
11.11.2020 № 5 ге

**Тұрақты комиссияның  
2020 жылғы 11 қарашадағы  
қаулысы**

**2016-2020 жылдарға арналған  
Нұр-Сұлтан қаласын дамыту  
бағдарламасын (денсаулық сақтау,  
білім беру, әлеуметтік қорғау)  
іске асыру туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «2016-2020 жылдарға арналған Нұр-Сұлтан қаласын дамыту бағдарламасын (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау) іске асыру туралы» ақпаратты тыңдап әрі талқылағаннан кейін, жергілікті атқарушы органның көрсетілген бағдарламаны іске асыру бойынша атқарып жатқан нақты жұмыстарын атап өтті.

2016-2020 жылдарға арналған Нұр-Сұлтан қаласын дамыту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 427/61-V шешімімен бекітілген. Денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау бағдарламаларында 14 индикатор қарастырылған.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейіндегі аурулардың алдын алу және ерте анықтау, мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту, денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру денсаулық сақтауды дамытудың басым бағыттары болып табылады.

2020 жылы мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың бірлескен қатысуына негізделген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілді.

Мектепке дейінгі білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында жалпы 260 мыңнан астам баланы

000100

қамтитын 546 ұйым жұмыс істейді. 2016 жылы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі жалпы 70,6% қамтитын 261 мың баланы құрады, 2017 жылы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен 78% құрады, 2018 жылы – 90%, 2019 жылы балаларды қамту – 98,4% болды. Мемлекеттік мектептердің 1-4 сыныптарының барлық оқушылары жергілікті бюджет есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Апатты жағдайдағы мектептер жоқ, 1 мектеп (№ 8) төтенше дейінгі жағдайда және 14 мектеп аса тығыздалған жағдайда. Қазіргі уақытта қалада үш ауысымда оқитын 8 мектеп бар. Бір жыл ішінде аса тығыздалған мектептердегі 28 мың оқушының 2850 оқушысы немесе 10% жақын маңдағы мектептерге жіберілді.

Елордалық колледждерде мамандар 74 мамандық пен 125 біліктілік бойынша дайындалады. Оқуды аяқтағаннан кейін бірінші жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған ТЖКБ оқу орындарының жұмыспен қамтылған түлектерінің үлесі 94% құрайды, бұл 2016 жылғы осы көрсеткіштен 4%-ға артық.

Колледждер базасында ІТ саласындағы оқу орталықтары, автомобильдік электрониканы, ғимараттарды сандық модельдеуді, жылу жүйелерін жобалау мен пайдаланудағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық технологияларын жаңартуға арналған инновациялық зертханалар ашылды.

2 мыңнан астам мұқтаж студенттер жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етілді, бұл жатақханалардағы орын есебінен және мемлекеттік тапсырысты хостелдерге бөлу есебінен

Қазіргі уақытта дуальды оқыту элементтері 28 мамандық бойынша 27 колледжде (77,1%) енгізіліп жатыр және 1709 студентті қамтиды. 2016 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 24%-ке өсті.

Сонымен қатар, елордада 11 қосымша және 17 арнайы білім беру ұйымдары жұмыс істейді, олар: Оқушылар сарайлары, музыка мектептері, өнер мектептері, көркемсурет мектептері, техникалық шығармашылық орталығы, балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы, Балалар үйі, Кәметке толмағандарды бейімдеу орталығы, арнайы мектеп-интернаттар, түзету бөлмелері және т.б.

Білім беру ұйымдарының 75%-де инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасалған. Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар 3 мыңнан астам бала инклюзивті және арнайы біліммен қамтылған.

Елорда тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етуде ілгерілеу айқындалды. Жұмыссыздық деңгейі 4,4% дейін төмендеді (Қазақстан Республикасында – 4,8%).

Жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға және кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етудің жаңа шараларының бірі – жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға мемлекеттік грант беру. 2019 жылдың соңында 1212 мемлекеттік грант берілді, соның ішінде қысқа мерзімді курстар

аяқталғаннан кейін – 123 грант, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқыту – 399 және «Жас кәсіпкер» жобасы бойынша – 690 грант.

2019 жыл ішінде мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру кезінде, кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласында 26 699 жұмыс орны құрылды, соның ішінде 22 799 тұрақты және 3 900 уақытша жұмыс орындары.

2019 жылы «Еңбек» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 19 502 адам жұмыс іздеп жүгінді, 2019 жылы жұмыссыздыққа қарсы әлеуметтік қорғау шараларымен 18,7 мыңнан астам адам қамтылды, соның ішінде: 29 жасқа дейінгі жастар – 7 723 адам және – 11 395 әйелдер.

Жұмыспен қамтуға көмекке 850 еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі адам жүгінді, жоспар бойынша – 565 адам, 726 адам жұмысқа орналастырылды, бұл 85,4% құрайды (оның: 423 – тұрақты жұмысқа, 4 – уақытша жұмысқа, 17 – жастар практикасына, 33 – әлеуметтік жұмыс орындарына, 249 – қоғамдық жұмыстарға).

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары АӘК шартты ақшалай көмек алушылар қатарынан 3000-нан астам адамға жетті. Жоспарланған 18% – көрсеткішпен, 22,4% көрсеткішке жетті.

Сонымен бірге, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы көрсеткіштердің орындалмағандығын атап өтеді:

«сәби өлімі» (жоспар – 5,85, нақты көрсеткіш – 5,93, 1000 тірі туылғанға шаққандағы ауру саны);

«PISA тестінің нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау» (математикадан – 450 балл (жоспар – 496), оқудан – 428 балл (жоспар – 489), жаратылыстанудан – 428 балл (жоспар – 482));

«балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және білім берумен қамту» (жоспар – 100,0%, нақты – 98,4%);

«халықтың осал топтарының кірістерінің үлесі (халықтың жалпы кірістерінде) – 40%» (жоспар – 27,8%, нақты көрсеткіш – 25,21%).

Балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту үшін білім беру саласындағы мақсатты индикаторларды асыра бағалау бар, ол 100% құрайды, бұл алдын ала мүмкін емес көрсеткіш болып көрінеді.

Қазіргі уақытта елордада мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту орталықтарының саны жеткіліксіз.

Сонымен қатар балалардың денсаулығын қорғауға қатысты сұрақтар бар, яғни мектеп оқушыларын пандемия кезінде профилактикалық медициналық тексеруден өткізу; мектептегі медициналық кабинеттерді медициналық жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен қайта жабдықтау; мамандандырылған педиатр мамандарының жетіспеушілігі (ЛОР дәрігерлері, балалар невропатологтары, педиатрлар).

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды оңалтудың техникалық құралдарымен (ОТҚ) қамтамасыз етумен байланысты бірқатар проблемалар,



соның ішінде ОТҚ сапасының төмендігі; ОТҚ тәуелсіз таңдаудың болмауы; оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етудің мерзімінен асып кетуі.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2016-2020 жылдарға арналған Нұр-Сұлтан қаласын дамыту бағдарламасын (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау) іске асыру туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау салаларын одан әрі дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;

балаларға арналған оңалту орталықтарының құрылысын қарастыру;

қажетті мамандарды даярлауға немесе қайта даярлауға грант бөлуді бастау үшін денсаулық сақтау саласында жетіспейтін мамандарын анықтау мақсатында талдау жүргізу;

қаланың шалғай аудандарында басым тәртіпте емханаларда салалық бейінді ауруханалардың филиалдарын ашу мүмкіндігін қарастыру;

мектептердің медициналық кабинеттерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру;

ана мен сәби өлім-жітімін төмендету бойынша жұмысты күшейту;

мақсатты индикаторларды әзірлеу кезінде, оны асыра бағаламай, объективті жоспарлы мәнді белгілеу;

оқушылардың тұрғылықты жерлерінен жаяу қашықтықта мектепке дейінгі мекемелерді ашу мүмкіндігін қарастыру;

PISA мониторингтік зерттеу нәтижелері бойынша мектептегі білім беру сапасын бағалау деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз ету;

комиссия отырысы барысында қаралған азаматтардың өтініштері бойынша шаралар қабылдау;

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақы деңгейін көтеру мәселесін зерттеу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының  
төрағасы**



**М. Шайдаров**